



Университеттің ғылыми әлеуетін жоғары бағалады

Жәңгір хан университетінде болған Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығының басқарма төрағасы Бауыржан Асанов оқу орнының ғылыми жобаларына баса назар аударды.

Сонымен қатар білім ордасына С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің ректоры Қанат Тіреуов әріптестерімен бірге келді. Қонақтар оқу орнындағы ғылыми зертханаларда болып, атқарылып жатқан жұмыстарды зерделеді. Сондай-ақ «Құс шаруашылығы» ғылыми-өндірістік зертханасында, «Ветеринарлық және биологиялық қауіпсіздік», «Тағам қауіпсіздігі», «Құрылыс материалдары және технологиялар» ғылыми-зерттеу зертханаларында болып, ғалымдардың жанаңашыл ғылыми жобаларымен танысты.

«Құс шаруашылығы» ғылыми-өндірістік зертханасының қызметкерлері мұндағы инкубаторлардың түрлерін, оларға жұмыртқа салу арқылы балапан алу үрдісін, балапандарды өсіру технологиясын көрсетті. Аталмыш зертханада өсірілетін қаз-үйректерді бағып-күту жағдайына назар аудартып, оларға берілетін азық түрлері, жасалатын жем-шөп қоспалары туралы айтып өтті.

«Құрылыс материалдары және технологиялар» ғылыми-зерттеу орталығындағы



жұмыс барысында Индустриалды-технологиялық институты директорының орынбасары Сәбит Жарылғапов таныстырды. Мұндағы ғылыми зерттеу жұмыстары да қонақтардың қызығушылығын туғызды. Мысалы, университет ғалымдары ірі қара малының мүйізі мен тұяқтарын, шыны қалдықтарын кәдеге жарату бойынша ғылыми жұмыстармен айналысуда. Малдың мүйіз-тұяқтарын көбік бетон өндірісінде көбік түзгіш дайындауға қолданып, ал әйнек қалдықтарын силикат-ты кірпішке немесе өрнектастарға қосуға

болатынын ғалымдар өздерінің ғылыми зерттеулері арқылы дәлелдеді. Оған қоса облысымыздағы Тасқала кен орнында кездесетін кремнийлі тау жынысы – опокадан жасанды қиыршық тас алу немесе аталған тау жынысын құрама жемге араластыру бойынша да ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді.

Университеттегі «Ғылым және технологияларды коммерцияландыру» департаментінің директоры, биология ғылымдарының докторы Индира Бейшова ғылыми зертханаларда жүргізілетін түрлі

зерттеу жұмыстарымен таныстырды. Сонымен қатар жануарлар генетикасы жөніндегі халықаралық қоғам (ISAG) ұйымдастырған ірі қара мал мен жылқылардың генетикалық профилін анықтауға арналған халықаралық салыстырмалы сынаққа қатысқан «Биотехнология және жұқпалы ауруларды диагностикалау» зертханасына генетикалық зерттеулердің жоғары сапасын растайтын 1-ранг берілгенін атап өтті.

Сапар барысында Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығының басқарма төрағасы Бауыржан Қоңырбайұлы университет ұжымымен кездесті. –Мемлекет басшысының ғылым-білім саласына қойып отырған талабы өте жоғары. Біз сіздермен және өндіріс орындарымен бірлесіп, сол талап-міндеттерді орындауға күш салудамыз. Осы ретте ғылым саласындағы жаңа жобаларды, жетістіктерді әрі қарай жүзеге асыруымыз керек. Президентіміз биылғы Жолдауында агрохаб құру мәселесіне ерекше тоқталған болатын. Осы мәселеге де жан-жақты талқылау жүргізіп, қарастырудамыз. Жәңгір хан университетінің мамандар даярлау жүйесімен, университет ғалымдарының ғылыми зерттеу жұмыстарымен және жүзеге асырылып жатқан жобалармен таныстық. Осы еңбектеріңіз үшін сіздерге алғыс білдіремін, – деді басқарма төрағасы Б.Асанов.



Күзгі балл: Студенттер үйіндегі ерекше кеш

Жатақхана өмірінің ең жарқын сәттері – студенттердің достығы мен талантын біріктіретін ерекше шаралар. №4 студенттер үйінде ұйымдастырылған «Күзгі балл» да мен үшін ерекше әсер қалдырған, шығармашылығымды шындаған ең жылы кештердің бірі болды.

Сол күнгі әр сәтке өзім куә болып қана қоймай, аздаған бөлігіне өз үлесімді қоса алғанымға қуандым. Мерекелік кеш арнайы жасалған бейне таныстырылыммен басталды. Экранда жатақхананың әр қабатындағы тұрғындардың қызықты күнделікті сәттері, көңілді кадрлары көрініп, студент-жастар бір-біріне жақындай түскендей әсер қалдырды. Әр қабаттағы қыз-жігіттер бейнекадр түсірерде қаламыздың көрікті жерлеріне барған екен. Соның өзі – олардың ұйымшылдықтарының, бір-біріне деген бауырмалдықтарының көрінісі. Бұл таныстырудың мақсаты – бізді біріктіру болса, сол ізгі мақсат толық жүзеге асты деп ойлаймын.

Бейнекөріністер аяқталған соң кезек өнер бағдарламасына берілді. Әр қабаттың тұрғындары барынша дайындалып, өздерінің таланттарын ортаға салып, ұйымшылдық танытты. Бірі қимылды биімен ерекшеленсе, бірі комедия жанрын тандаған, енді бірі шығармашылық көрінісімен ерекшеленді. Ал 4-қабат студенттерінің бұл бөлімге дайындығына менің де тікелей қатысым болған еді. Шығармашылық ойымның жүзеге асқаны – бұл кешті мен үшін екі есе маңызды етті. Атап айтса, қазақ вальсінің королі Шәмші Қалдаяқовтың 95 жылдығына орай «Шәмші мен Изольда» сахналық



көрінісін өзім дайындап, режиссерлік қызмет атқардым. Әрине, оңай шаруа емес, бірақ өзімнің осыған дейінгі жинаған тәжірибемді барынша пайдаланып, өзіммен қатарлас достарымның ерекше үлгіде шыққанын қаладым. Бұл идеяны таңдаған себебім – ұлы композитордың биылғы мерейтойын елеусіз қалдырмай, өзгелер үшін де есте қаларлықтай болсын дедім. Шәмшінің музыкасы мен өмірлік хикаялары мені әрқашан шабыттандырады, ал күзгі баллдың атмосферасы дәл осы романтикалық сезімді алып шығуға таптырмас мүмкіндік болатын. Көріністе Шәмші мен Изольданы Нұрдәулет Рашад пен Ризат Сұлтанярова сомдап, сахнаның эмоциясын толық жеткізді. Олар менің үмітімді толығымен ақтады. Әділқазылар қойылымның мазмұнын, көркемдік

тұтастығын, актерлердің ойынын және режиссерлік шешімді жоғары бағалады. Драма жанрын таңдап, Шәмшідей тұлғаны еске алғанымызға риза болды. Бұл – мен үшін үлкен қуаныш.

Бұдан әрі «Күзгі балл» кешіне қатысушыларды ортақ дастарқан, түрлі тәттілер мен жеңіл ас мәзірі күтіп тұрды. Бұл кезек жатақханадағы барлық тұрғындардың бір-біріне деген достық көңілін айшықтап, жылы атмосфера қалыптастырды.

Ал келесі сұрақ-жауап сайысы болатын. Бұл бөлімде тапқырлық пен жылдамдық сынға түсті. Ұлттық салт-дәстүрлер бағытындағы бөлім жастардың білімін зерделеуге мүмкіндік берді. Әр қатысушының жауабы олардың ұлттық тәрбиеден алшақ емес екенін, салт-дәстүрге деген құрметтің әлі де жақсы сақталғанын көрсетті. Әсіресе,

кейбір топтар тез әрі нақты жауап беріп, сайысты қыздыра түсті. Бұл – білім сынағы ғана емес, қазақы болмысты дәріптеп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан бай мұраны еске салған ерекше бөлік болды.

Кеш соңында біз көптен күткен дефилені тамашаладық. Үміткерлер өзіндік стильмен күздің ерекше образдарын көрсетіп, сән сахнасын қалыптастырды. Олардың киім үйлесімділігі, жүріс мәнері, стиль таңдауы – бәрі де жоғары деңгейде болды. Тіпті әділ қазыларға сән шеруін бағалау қиынға соққаны да жасырын емес.

Барлық кезеңдер аяқталған соң, әділқазылар шешімін жария етер кештің ең қызықты тұсына да кезек келді. Биылғы «Күзгі балл» мерекелік шарасында 4-қабат тұрғындары үздік нәтиже көрсетіп, бас жүлдені жеңіп алды. «Күз ханшайымы» мен «Күз ханзадасы» аталымдары біздің қабаттың намысын қорғаған 1-курс студенттері Нұрдәулет Рашат (ВетАгро) пен Ризат Сұлтаняроваға (ЦЭЖТД) бұйырды. Бұл жеңіс – тек еңбектің емес, ұйымшылдықтың, дайындықтың және шынайы шығармашылықтың нәтижесі болды. 4-қабат тұрғындарының бұл кеште жарқырай көрінуі – бәріміз үшін үлкен қуаныш пен мақтаныш.

Кештің сәтті өтуіне ұйытқы болып, бізге әрдайым қолдау көрсететін №4 студенттер үйінің әкімгері Рада Ғаділқызына ерекше алғысымызды білдіреміз. Осындай шаралардың арқасында біздің студенттердің татулығын бір әулеттің балаларындай дәрежеге жеткізуде.

Гүлсезім ЖАНАЙДАРОВА,
№4 студенттер үйінің тұрғыны,
ИТИ студенті

Саналы ғұмырын білім-ғылымға арнап келеді

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегендей, осы салада ұзақ жыл қызмет атқарған университетіміздегі «Гуманитарлық, спорттық және әскери дайындық» факультетінің деканы, п.ғ.к. кандидаты, доцент Қуатбек Байдалиев асқаралы 60 жастың асуына шықты.

1965 жылы күрең күздің соңғы айында Түркістан облысына қарасты Түлкібас ауданының табиғаты көркем Балықшы ауылында дүниесігін ашқан Қуатбек Әбутәліпұлы – өз өмірін білім мен ғылымға арнаған ұлағатты ұстаз, іскер ұйымдастырушы, талапшыл басшы. 1988 жылы М. Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтын тәмамдап, ұстаздық еңбек жолын бастаған кейіпкеріміз содан бері педагогика саласында табанды еңбек етіп, еліміздің білім жүйесінің дамуына елеулі үлес қосып келеді. 1995 жылы Мәскеу қаласында кандидаттық диссертациясын қорғап, «педагогика ғылымдарының кандидаты» ғылыми дәрежесін иеленді. Ал 2000 жылы доцент атағы берілді.

Өзінің еңбек жолында Қуатбек



Әбутәліпұлы қазіргі М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті мен Өнер институтында түрлі жауапты қызметтер атқарып, ұстаздық пен басқарушылық қабілетін ұштастыра білді. Декан, кафедра меңгерушісі, проректор. Қай қызметте жүрсе де, басты мақсаты – білім сапасын арттыру, жас ұрпаққа бағыт көрсету болды.

2008 жылдан бері Жәңгір хан университетінде еңбек етіп келе жатқан Қ.Байдалиев бүгінде ел болашағы – жастарға білім мен тәрбие беру ісін дамытудың алдыңғы шебінде жүрген тұлға. Ғалым-ұстаз – 142 ғылыми еңбектің, соның ішінде екі монография мен тоғыз оқу құралының авторы. Оның еңбектері республика көлемінде оқу

үдерісі барысында кеңінен қолданылып келеді. Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің мүшесі, «Көркем еңбек» пен «Графика және жобалау» пәндері бойынша ұлттық тренер ретінде де танылған ғалым еліміздің педагогикалық кадрларын даярлау ісіне зор үлесін қосып отыр.

Ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалым Қ.Байдалиевтің еңбегі еленіп, ҚР Білім және ғылым министрінің Алғыс хатымен және Құрмет грамотасымен, Б.Алтынсарин төсбелгісімен марапатталды.

Қуатбек Әбутәліпұлы – ұстаздық жолдың шуағын шәкірттеріне шашқан, адами келбеті мен кәсіби шеберлігі қатар өрілген ардақты азамат. Оның өмір жолы – еңбекқорлықтың, өз ісіне деген адалдықтың және ұлт болашағына деген жанашырлықтың айғағы. Әріптесіміздің шәкірттері әлі де көбейіп, еңбегінің жемісі ел игілігіне айнала береріне сенім мол.

Айгуль ДЖАКУПОВА,
Гуманитарлық, спорт және әскери даярлық факультетінің аға оқытушысы, магистр

Венгриядағы бір семестр менің өмірімді өзгертті



Бір-екі жыл бұрын маған біреу «Еуропада оқып, бірнеше елді аралап, халықаралық тәжірибе жинайсың» десе, әрине, сенбес едім. Бірақ дәл осындай мүмкіндік маған бұйырды.

Оқуға деген жаңа көзқарас

Яғни, академиялық оралымдылық бағдарламасының арқасында мен Венгрияның Гёделл қаласында бір семестр оқып қайттым. Бұл – менің өмірімдегі ең жарқын кезеңдердің бірі болды.

Шетелде мені ең бірінші таңғалдырған нәрсе – Еуропадағы білім беру жүйесінің ерекшелігі. Онда студент – тек тыңдаушы ғана емес, өз оқу жолын өзі құрастыратын тұлға. Пәндерді таңдау, кестені өзі құрастыру, оқу жоспарын жоспарлау – барлығы өз жауапкершілігінде. Алғашында бұл қиындау көрінді, бірақ уақыт өте келе дәл осы еркіндік үлкен мотивация беретініне көзім жетті.

Венгриядағы профессорлар өте ашық, сыпайы, түсінбегенді түсіндіруге дайын тұрады, қажетті кеңесін аямайды. Теорияны жай ғана айтып қоймай, оны нақты өмірмен байланыстырып түсіндіреді. Сол кезде өз мамандығыма басқа қырынан қарауды үйрендім. Осы сапардан түйгенім: егер дамығың келсе, үйреншікті нәрседен шығып, жаңа ортаға қадам жасау керек.

Шабыттыңды оятатын студенттік өмір

Гёделл – шағын әрі тыныш қала болғанымен, студент үшін нағыз қолайлы орын. Жасыл саябақтар, таза көшелер, заманауи кампус, жайлы жатақхана – мұның барлығы алаңсыз оқуға тамаша жағдай жасайды. Небәрі жиырма минуттық жолмен Будапештке жетесің. Мұндағы мұражайлар, концерттер, тарихи орындар, өзен жағалауы – бәрі жаныңды шабыттандырады.

Университетте мен Еуропаның түкпір-түкпірінен әрі басқа құрлықтардан келген студенттермен таныстым. Әрқайсысының өз дәстүрі, өз тілі, өз мәдениеті бар. Біз жиі жиналып, ұлттық тағамдар дайындап, мәдени кештер өткізетін едік. Өз елдеріміз туралы қызықты ақпараттармен бөлісетінбіз. Осындай орта маған адамдарды жақсырақ түсінуге және өз елімнің мәдениеті туралы сенімдірек айтуға үйретті.

Есте қалған сапарлар

Еуропада оқып жүрген кезімде бос уақытымды тиімді пайдаланып, бірнеше елді араладым. Атап айтқанда, Вена, Прага, Барселона, Париж, Рим, Ватикан, Венеция қалаларына саяхат жасадым. Әр қаланың өз атмосферасы, өз тарихы бар. Мысалы, Венада салмақты әсемдік



пен тыныштық орнаған, Прага – ертегідей көне қала, Барселона – жарқын, шығармашылыққа толы шаһар, Париж сөзбен жеткізу мүмкін емес ерекше сезім сыйлайды, Рим мен Ватикан – қатпарлы тарихқа толы, ал Венецияда су арнасы бойындағы өмірге, фильмдегідей көріністерге тап боласың.

Ұмытылмайтын қолдау

Менің бұл армандаған сапарымды жүзеге асыруда өзім білім алып жатқан Жәңгір хан университетінің ықпалы зор болды. Құжат жинаудан бастап, елге оралғанға дейінгі кезең аралығында айрықша қолдауды сезіндім. Университетім жастардың дамуына шын мәнінде көңіл бөлетінін анық түсіндім.

Бұл сапардан мен мүлде басқа адам болып оралдым. Өзіне көбірек сенімді, алдына мақсат қоя білетін, білімнің құндылығын бұрынғыдан да жақсы түсінетін жанға айналдым. Көп жылдар бойы Еуропада оқу – қол жеткізу қиын арман сияқты көрінетін. Ал қазір нақты айта аламын, бұл – кез келген ізденімпаз, еңбекқор студентке қолжетімді мүмкіндік. Егер сізге де бір күні академиялық оралымдылық бағдарламасына қатысу мүмкіндігі берілсе, оны міндетті түрде пайдаланыңыз. Нәтижесінде бұл мүмкіндік тек білімді ғана емес, бүкіл өміріңізді өзгерте алады.

Тимур ҚАПАНОВ,
Индустриалды-технологиялық институтының 3-курс студенті





Партнерство Huawei и ЗКАТУ: инновации и развитие образовательного пространства

В эпоху стремительных технологических изменений, ведущие мировые компании и государства делают акцент на развитии интеллектуальных ресурсов и инфраструктуры, обеспечивающих переход к полностью подключенному и умному миру. Одним из ярких примеров является миссия компании Huawei — привнесите цифровые технологии в жизнь каждого человека, дома и организации, создавая базу для цифрового будущего.

Особое внимание к развитию талантов в области искусственного интеллекта и информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) уделяется в стратегиях Казахстана. На международном форуме Digital Bridge в 2023 году президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев отметил необходимость адаптации системы образования к требованиям будущего рынка труда, где автоматизация и искусственный интеллект станут ключевыми факторами изменений. Он отметил, что к 2025 году Казахстан планирует подготовить не менее 100 тысяч высококвалифицированных ИТ-специалистов, чтобы обеспечить свою позицию в цифровой экономике.

В рамках партнерства с Huawei, Казахстан уже предпринял значительные шаги к развитию ИКТ-инфраструктуры и образовательных программ. В 2022 году был подписан первый меморандум о взаимопонимании с министерством науки и высшего образования, регламентирующий сотрудничество в области цифровизации образования — от разработки учебных программ до поддержки инфраструктурных проектов. В 2024 году был заключен второй меморандум, расши-



ряющий деятельность за счёт развития цифровых платформ, внедрения искусственного интеллекта и повышения доступности качественного образования.

Академическая сеть Казахстана в области ИКТ также активно развивается: к 2024 году насчитывается 40 академий, а к 2025 году — 48. Huawei выступает ведущим поставщиком ИКТ-инфраструктуры и интеллектуальных устройств, внедряя современные образовательные решения для формирования кадрового резерва будущего.

Huawei видит Казахстан в рамках своего глобального видения — как ключевого участника в построении Цифрового Шёлкового пути, способствующего взаимным достижениям и совместному созданию Цифрового Казахстана. Среди инициатив — Академия ИКТ Huawei, которая развернула глобальную образовательную платформу, охватывающую более 2700 университетов по всему

миру. В Казахстане программы академии включают подготовку преподавателей, лабораторные условия, сертификацию по авторизованным курсам и доступ к обширным образовательным ресурсам.

К августу 2024 года уже подготовлено более 1 миллиона студентов, обученных в рамках программ Huawei, более 11 000 преподавателей и свыше 2700 университетов-участников. Создание такой экосистемы талантов — важнейший элемент стратегии развития ИКТ-индустрии в Казахстане. Сертификация Huawei включает три категории, охватывающие шесть основных доменов и 23 области, способствуя формированию высококвалифицированных специалистов, способных вести отрасль к новым вершинам.

В этом году 23 октября в ЗКАТУ имени Жангир хана прошла встреча с представителями международной компании Huawei ICT Academy.

Менеджер Сымбат Советхалыкова

- Менеджер по развитию экосистемы талантов Huawei ICT Academy, после ознакомления с деятельностью компании в области информационных технологий, коммуникации и связи пригласила студентов образовательных программ «6B06101 – Информационные системы», зарегистрироваться и принять участие в конкурсе «Huawei ICT Competition 2025-2026», который состоит из трех направлений: сети, облачные технологии, языки программирования, чтобы проверить свои знания и навыки. Это мероприятие компании Huawei, по обмену талантливыми и конкурентоспособными молодыми студентами-специалистами в области ICT по всему миру. Студенты, показавшие лучшие результаты, смогут получить возможность трудоустройства в компанию «HUAWEI». Удачно зарегистрировавшиеся на конкурс студенты получили памятные призы и подарки от компании. Благодарим руководство университета за возможность прикоснуться к мечте с одной из самых преуспевающих компаний мира.

Таким образом, сочетание государственной политики, стратегических партнерств и инициатив компаний, таких как Huawei, создает прочные основы для формирования цифрового будущего Казахстана. Эти усилия направлены на развитие талантов, модернизацию инфраструктуры и внедрение инновационных технологий, что обеспечит стране устойчивое развитие и конкурентоспособность в глобальной цифровой экономике.

Жанаргуль АБУОВА,
старший преподаватель Института цифровой экономики и устойчивого развития
магистр техники и технологии

Жұлдемен оралды

Астана қаласында өткен «Ауыл ойындары» республикалық турнирінде Жәңгір хан университетінің спортшылары жұлделі орындардан көрінді.

Еліміздің түкпір-түкпірінен спортшылар жиналған турнирге қатысушылар футбол, асық ату, садақ ату, арқан тартыс, қазақ күресі, ләңгі тебу спорттық ойындарынан өзара тартысқа түсті. Облысымыздың намысын спорттың екі түрінен қорғаған БКАТУ білім алушылары жұлдеден құр алақан қалмады. Құрамында Әлинұр Амангелдиев, Ерген

Күлшетұлы, Арман Абдолла, Шапағат Тілеуғали, Бекарыс Орынғали, Еркінбек Жетібаев болған құрама команда (суретте) арқан тарту ойынында ешбір командаға дес бермей, бас жұлдені жеңіп алды. Ал қазақ күресінен университет палуаны Сұлтанбек Қайырмұханбет жұлделі 3-орынды иеленді.

«Ауыл ойындары» республикалық турнирін ұйымдастыруға Елорда төрінде «Ауыл» партиясы ұйытқы болса, біздің спортшылардың осы жарысқа қатысуына партияның облыстық филиалы жан-жақты қолдау көрсетті.



Экскурсия на военной кафедре

На военной кафедре университета Жангир хана прошла ознакомительная экскурсия для студентов Высшего инженерно-технического колледжа и Западно-Казахстанского высшего медицинского колледжа.



Мероприятие было организовано заместителем начальника военной кафедры по военно-патриотической и идеологической работе, майором запаса Султанияром Базаргалиовым. В ходе экскурсии студенты ознакомились с направлением деятельности кафедры, её материально-технической базой и учебным процессом. Эта встреча поз-

волила молодёжи прочувствовать один день из жизни военного и ближе познакомиться с особенностями армейской службы.

Подобные мероприятия способствуют укреплению военно-патриотического воспитания молодёжи и помогают им правильно определиться с выбором будущей профессии.

Студенттік өмір

Ат терлетіп алыстан,
Оқимын деп келгенмін,
Студенттік өмірді бұрын-соңды көрмедім.

У-шуына қаланың үйренісе бастадық,
Ата-ананың қасындағы балалықты тастадық.
Жылы үй мен аңсайсың тағамдарын анаңның,
Сыныптаспен өткізген күндер артта қалады.

Жаңа ортаға сіңісу, үйренісу – қиыны,
Бос кетірмей уақытты, үнемдейсің тиынды.
Әр ауылдан жиналған өрімдей жас бәрі де,
Теңізге әлі шықпаған желкенбіз ғой әлі де.

Ең қызықты сәттерің басталатын уақытың,
Студенттік жылдарың – таусылмайтын бақытың.
Төксең маңдай терінді, бәрі жақсы болады,
Текке уақыт жоғалтсаң, кедергілер тұрады.



Темерлан РАХМЕТТУЛИН,
Ветеринария және агротехнология
институтының 1-курс студенті

Бөкей орда — бабалар ізі



Жайық асып, орда тіккен ел еді,
Тарихы бар терең жатқан кен еді.
Бөкей ханның даңқты жолы бастаған,
Рух берген ұрпағына өрелі.

Жәңгір ханның нұрлы болған дәуірі,
Білім, өнер, саясаты сүбелі.
Орда елі – өр тұлғалар мекені,
Қасиетін Орда жұрты біледі.

Жел боп ессе, боз даламды сағынам,
Туған елге сағыныштан табынам.
Бөкей орда — елдің алтын бесігі,
Мәңгі жаса, қасиетті ұлы ордам.

Нұртас ҰЗАҚ,
Цифрлық экономика және тұрақты
даму институтының 1-курс студенті

Слово о добре



Мы живём в век техно-логических развитий и стремления развить на-выки искус-ственного интеллекта, в это время высоко це-нятся навыки ума и работы с техникой.

Все это очень хорошо и важно, но что насчёт призем-ленных ценностей? По типу: совести, сострадания и добродетели, они конечно присутствуют в базовом обществе как важный элемент и в каждом человеке должны быть данные элементы характе-ра, однако, можно заметить, что в самых темных уголках этого общества, есть люди, которые полностью противопо-ложны этим, присущи всем, устоям. Что же с ними не так?

Проблема в ранее озвученной проти-воположности, у них нет совести, состо-яния и хоть чего-то доброго в их душе, нет, в них кипит только чувство гордости и ярко выраженные вспылчивые эмо-ции. К сожалению, данным личностям может быть не больше восемнадцати лет, казалось бы, это все такая мелочь в на-шем мире, но хотелось бы сказать, что с каждым разом, эти люди и эти тёмные уголки, растут и растут, непрерывно при-тягивая в свою сторону еще неокрепшие и даже юные умы.

Также стоит отметить, что в интерне-те, таких людей ещё больше и все они уже давно позабыли о положительных эмо-

циях, как правило, такие люди бывают с ног до головы, забыты отрицательными и чёрствыми намерениями. Как можно за-метить, на улице и в сети есть места ко-торые посещают не совсем добрые люди, вероятно они стали такими из-за плохого обращения в детстве, что обычно так и есть. Но есть и те, которые просто потя-нулись к плохим компаниям и сами стали такими же, и уже стоит задуматься, что нас ждёт в будущем? Неужели, челове-чество сможет во всю начать покорение космических глубин, но при этом поза-быть о своей положительной натуре?

Что если, человечество перестанет быть самим собой, забудет о том, как важно быть самим собой и идти на по-воду у негатива, начать заниматься тем, что в сегодняшнее время было бы непри-емлемым? Надеемся, что этого не будет, ведь человек с чистой душой имеет боль-шие шансы обеспечить себя и общество, хотя-бы радостными моментами дня. В сегодняшнее время, все также присут-ствует насилие, войны и междоусобицы в том или ином месте и стоит сказать, что это будет всегда. Если уж не сейчас, то рано или поздно, конфликты начнут проявляться, мир не идеален и не обязан быть таким, однако, опускаться до уров-ня тех, кто причиняет вред окружающим и опускаться до уровня тех, кого забавля-ет делать неприятности остальным, точ-но не стоит.

Ведь человек должен быть выше этого, даже если, окружение такое как и выше описанные люди. Надежда не умирает, надежда есть и она оправдает себя.

Алниз ЖУМАБАЕВ,
студент 1-курса Института ветери-
нарии и агротехнологий

«Бұйырмаған хайырсызым»

Ветеринария және агротехнология институтының студенті Елдар Бақтыгерей болашақта осындай атаумен кітап басып шығаруды жоспарлап жүр екен. Біз Елдардың осы жинақ жазбаларынан үзінділер ұсынып отырмыз. Сөздің қасиетін ұғынған жастың талабына нұр жаусын!

Көңілге түскен көлеңке, жүрекке түскен тұңғыық.

Біздер неге адамға көңіл арнамызды ашып, құшағымызды арамдықсыз кең жайып жатамыз. Кейде осы бір көңіл жықпас мінез бен көмек қолын созғыштығымыз басымызға таяқ боп тиеді. «Жақсылық жасап жатсам да, жақсы мінез көрсетсем де, неге мен ғана жапа шеге беремін» деген ойлар келіп жатады. Бірақ бұл да бір сынақ шығар деп ойлаймын...

Адам жаны сырттай мықты көрінгенмен, іштей сезімтал болады. Кейде жақын жандардан ауыр сөздер естіп, немесе өзіміз біреудің көңіліне сызат түсіріп жатамыз. Бұл көзге көріне бермесе де, іштей жиналып, жүректің жарасына айналады. Бір кісі дана картка келіп: «Сенің өзгелерге өкпе-реніш білдірген кезіңді көрген емеспін. Маған да өзіндей болуды үйретші» дейді. Сонда ол карт кісіден картоп пен дорба әкелуді сұрайды.



– Егер сен біреуге ренжіп, сол адамға іштей ыза мен ашуынды түйер болсаң, бір картопты ал да, дорбаға салып қой.

– Сол-ақ па? – деп таңданады ол кісі.

– Жок. Сосын осы дорбаны өзіңмен бірге үнемі алып жүр. Кімге ренжісең де, бір картоптан қосып салып тұр, – дейді. Ол келісіп, үйіне келді. Арада біраз уақыт өтеді. Дорба тола бастайды. Тағы

бірер айда дорба толып, ауырлайды. Кей-біреулері шірі бастайды.

Кісі картка келіп: «Мұны енді өзіммен алып жүру мүмкін емес. Қатты ауырлап, картоптарым шірі бастады. Басқа нәрсе айт» дейді.

Бұдан шығатын қорытынды: адамға ренішті жібермей жинап жүре берсек, жүрегімізге жүк түседі.

Әр нәрсені бастамас бұрын, түп тамы-рына бойлай білу қажет. Сан қилы оқиға мен мың қатпарлы тарихымызда, рухы биік еңселі елімізде не болып, не қоймады десеніңші. Қаншама таптаса да мойымаған қайсар халқымның осы күнге жетуі де – сол қайсарлығының арқасы. Ата-бабамыз, арыстарымыз соңғы демдері қалғанша күреспегенде, осы күнді көруіміз неғайбыл еді. Сол тұлғаларға басымыз жерге жеткенше рақмет айту – парызымыз. Небір қиындықпен келген тәуелсіздігімізді, ұлы мұраларымызды сақтап, тұлғаларымыздың еңбегін жалғастыру – біздің борышымыз. Өз тарихымызды білмеу – сүйегімізге кара таңба. Сондықтан құнды ақпаратты тыңдай білген дұрыс.

Келесі мәселе – тіл мәселесі. Еліміз-дегі әр адам қазақша сөйлеу білуі керек. Әрине, көп тілді меңгерген жақсы, бірақ бірінші кезекте өз ана тілің тұру керек. Өз тілің, егемендігің, жерің болмаса, сен ешкім де емессің. Соны ұмытсақ, өз тамағымызға өзіміз қылыш тақағанмен бірдей. Екіншіден, ұлт зиялыларының сүйегін қорлағанмен тең. Қазірге кез-де тіліміз шұбарланып барады. Өз тілін жетістіріп алмай, орысша сөйлейтін жастар көбейген. Көшеде жас отбасы-лар орысша сөйлесіп бара жатады. Бұл – нағыз сұмдық жайт. Оған қоса балала-рын балабақша мен мектепке орыс тобы-на береді. «Тіл – ұлт тұғыры» дегенді әлі күнге түсінбегенбіз бе сонда?

Біреу бақытты болам деп бақытсыз күн кешуде,

Біреу бақытты бола тұра, бақытсыз күн көруде,

Бақыт – ол бағалай білгеннің қасында,

Бұйырмаған хайырсызым!

Меншік несі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ
баспасөз хатшысы
Ләззат ҚАЖЫМОВА

Компьютерде
беттеуші
және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың баспасөз қызметінде теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурс-тарында таратылады. Тапсырыс: № 593 Қолжазба авторға қайтарылмайды. Деректердің нақтылығына автор жауапты.

Мақаладағы

Баспасөз қызметінің мекенжайы:

090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51. Бас ғимарат 231-бөлме 1-42 info_zkatu@mail.ru